

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 860 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2023 жылғы 4 қазандағы  
№ 860 қаулысына  
қосымша

1. "Қазақстан Республикасының радиожілік спектрін пайдаланудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 тамыздағы № 932 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 тамыздағы № 932 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 қазандағы № 1016 қаулысы.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 тамыздағы № 932 және 2003 жылғы 30 желтоқсандағы № 1355 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 қазандағы № 1044 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 тамыздағы № 932 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 қарашадағы № 1042 қаулысы.

5. "Радиожілік спектрінің конверсиясын жүргізу ережесі мен радиожілік спектрінің конверсиясын жүргізуге жұмсалатын шығындардың техникалық-экономикалық негіздемесінің әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 маусымдағы № 990 қаулысы.